



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасының
Парламент Мәжілісінің
Депутаттары
Е.Б. Саировке
Н.С. Сабильяновке
У.Ш. Тумашиневке**

2023 жылғы 14 маусымдағы № ДС-225 сауалға

Құрметті депутаттар!

«Қалбатау - Майқапшағай», «Талдықорған - Өскемен» автожол жобаларын қайта жаңартуды аяқтау және «Өскемен - Алтай - Рахмановские ключи» жолын қаржыландыру туралы жоғарыда аталған депутаттық сауалды қарап, келесіні хабарлаймын.

«Қалбатау - Майқапшағай» жобасы бойынша 415 шақырымнан шамамен 185 шақырым (45 %) төменгі жабын қабаты және 196 шақырым (47 %) негіз қабаты төселген. «Талдықорған - Өскемен» жобасы бойынша жобалық 768 шақырымнан 601 шақырым (78 %) төменгі жабын қабаты және 699 шақырым (91 %) негіз қабаттары орындалды.

Өздеріңіз білетіндей 2020 жылдан бастап Қазақстан Республикасының аумағында да, бүкіл әлемде де COVID-19 пандемиясының таралуына байланысты шектеулер енгізілді. Мемлекеттік шекаралардың жабылуына және өңірлер арасындағы қозғалыстың шектелуіне байланысты мердігерлік ұйымдар техниканы, персоналды жұмылдыру және жол-құрылыс материалдарын құрылыс учаскелеріне жеткізу бойынша қиындықтарға тап болды.

Осылайша, 2020 жылдан бастап жол-құрылыс, жанар-жағармай материалдары бағасының, сондай-ақ техника, жабдық және жалақы құнының күрт өсуі байқалады. Нәтижесінде жобаларды табысты іске асыру үшін жобалау-сметалық құжаттаманы (бұдан әрі - ЖСҚ) түзету қажеттілігі туындады, бұл да белгілі бір уақыт кезеңін талап етеді.

Сондай-ақ, жұмыстың кешігуінің себебі келісім-шарттардың талаптарын орындамаған серіктес компаниялардың консорциумдарының құрамынан мәжбүрлі түрде шығару болып табылады, бұл жұмыс кестесінен айтарлықтай артта қалуға әкелді. Осыған байланысты, қазіргі уақытта «Қалбатау - Майқапшағай» жобасы бойынша № 1-5 учаскелерде (Қалбатау ауылынан Боғаз ауылына дейінгі а/ж кесіндісі) бас мердігер техниканы, жабдықты және персоналды өз күшімен қайтадан жұмылдыруға мәжбүр.

Бүгінгі таңда жоғарыда аталған жобалар бойынша ЖСҚ түзету жұмыстары жүргізілді және мердігерлік ұйымдар жол-құрылыс жұмыстарына кірісті.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, аталған жобаларды 2024 жылдың соңына дейін пайдалануға беру күтілуде.

Сондай-ақ, «Өскемен - Алтай - Рахмановские ключи» учаскесін қаржыландыру 2024-2026 жылдарға арналған жоспарланған республикалық бюджетте көзделгенін хабарлаймыз.

Бүгінгі таңда жобаның 56-72 шақырым учаскесінде ЖСҚ түзету жұмыстары аяқталды, мердігерлік компанияны анықтау мақсатында конкурстық рәсімдер жүргізілуде.

72-88 шақырым учаскесі бойынша ЖСҚ мемлекеттік сараптамадан өтеді, одан кейін құрылыс-жөндеу жұмыстарын қайта бастау үшін мердігерді айқындау бойынша конкурстық рәсімдер жүргізілетін болады.

Жалпы, автожол жобаларын қайта құру Үкіметтің тұрақты бақылауында.

Р. Скляр



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Депутатам
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан
Саирову Е. Б.
Сабильянову Н. С.
Тумашинуву У. Ш.

На № ДС-225 от 14 июня 2023 года

Уважаемые депутаты!

Рассмотрев вышеуказанный депутатский запрос о завершении реконструкции автодорожных проектов «Калбатау - Майкапшагай», «Талдыкорган - Усть-Каменогорск» и финансировании дороги «Усть-Каменогорск - Алтай - Рахмановские ключи», сообщаю следующее.

По проекту «Калбатау - Майкапшагай» из 415 км, уложено порядка 185 км (45%) нижнего слоя покрытия и 196 км (47%) слоев основания. По проекту «Талдыкорган - Усть-Каменогорск» из проектных 768 км, выполнено 601 км (78%) нижнего слоя покрытия и 699 км (91%) слоев основания.

Как Вам известно, с 2020 года, как на территории Республики Казахстан, так и во всем мире, были введены ограничения связанные с распространением пандемии COVID-19. Ввиду закрытия государственных границ и ограничения в передвижении между регионами, подрядные организации столкнулись с трудностями по мобилизации техники, персонала и доставки дорожно-строительных материалов на строительные участки.

Соответственно, начиная с 2020 года, наблюдается резкое увеличение цен на дорожно-строительные, горюче-смазочные материалы, а также стоимость техники, оборудования и заработной платы. Вследствие чего, для успешной реализации проектов, возникла необходимость в корректировке проектно-сметной документации (далее - ПСД), что также требует определенный период времени.

Также, причиной задержки работ является вынужденное исключение из состава консорциумов компаний партнеров, которые не выполняли условия Договоров, что привело к значительным отставаниям от графика производства работ. В связи с чем, на данный момент, по проекту «Калбатау-Майкапшагай» на участках № 1-5 (отрезок, а/д от села Калбатау до села Богаз) Генеральный Подрядчик вынужден вновь проводить мобилизацию техники, оборудования и персонала собственными силами.

На сегодняшний день, по вышеперечисленным проектам проведена работа по корректировке ПСД и подрядные организации приступили к дорожно-строительным работам.

Учитывая изложенное, сдача вышеназванных проектов в эксплуатацию ожидается до конца 2024 года.

Также сообщаем, что финансирование участка «Усть-Каменогорск – Алтай - Рахмановские ключи» предусмотрено в планируемом республиканском бюджете на 2024-2026 годы.

На сегодняшний день, на участке 56-72 км проекта завершены работы по корректировке ПСД, ведутся конкурсные процедуры с целью определения подрядной компании.

ПСД по участку 72-88 км проходит государственную экспертизу, после которой будут проведены конкурсные процедуры по определению подрядчика для возобновления строительно-монтажных работ.

В целом реконструкция автодорожных проектов находится на постоянном контроле Правительства.

Р. Скляр